



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

«Жоғары оқу орны кітапханаларының әлемдік дамудағы жаңа үрдістері»

IX халықаралық конференция
материалдары

17-19 қараша 2020 жылы

Материалы
IX Международной конференции
«Современные мировые тенденции
в развитии вузовской библиотеки»

17-19 ноября 2020 года



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**«ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕМДІК
ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ»**

IX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

17-19 қараша 2020 жылы

**МАТЕРИАЛЫ IX МЕЖДУНАРОДНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СОВРЕМЕННЫЕ МИРОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В РАЗВИТИИ
ВУЗОВСКОЙ БИБЛИОТЕКИ»**

17-19 ноября 2020 года

Нұр - Сұлтан қаласы

УДК 02.
ББК 78.3
Ж 68

Жалпы редакциясын басқарған
философия ғылымдарының кандидаты Б. Ә. Оразалиев
Жауапты редакторлар: Г. Д. Иржанова, Ж. Бекайдарқызы
Құрастырушылар: Г.Г. Дарибаева, Б. А. Тауекелова

Ж 68 «Жоғары оқу орны кітапханаларының әлемдік дамудағы жаңа үрдістері»:
IX Халықаралық конференция материалдары. Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қаласы. 17-19 қараша 2020 жыл= «Современные мировые тен-
денции в развитии вузовской библиотеки»: Материалы IX Международной
конференции. Республика Казахстан, г. Нур-Султан. 17-19 ноября 2020 год.
– Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2020. – 78 с.

ISBN 978-601-337-472-7

Жинаққа Қазақстанның жоғары оқу орындары кітапханаларының жыл сайынғы конференциясының материалдары енген. Қатысушылардың баяндамалары университеттердің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін қолдау үшін университет кітапханаларын дамытудың қазіргі тенденцияларын көрсетеді. «Заманауи кітапханалық жүйелер: технологиялар мен инновациялар» конференциясының негізгі тақырыбы бойынша материалдар ерекше қызығушылық тудырады. Басылымға Қазақстандағы ЖОО кітапханаларының серіктестері туралы ақпарат енгізілген. Басылым кітапхана ісі саласындағы мамандарға арналған.

Сборник содержит материалы ежегодной конференции библиотек высших учебных заведений Казахстана. Доклады участников отражают современные тенденции развития вузовских библиотек по поддержке образовательной и исследовательской деятельности вузов. Особый интерес вызывают материалы по ключевой теме конференции «Библиотечные системы нового поколения: технологии и инновации». В издание включена информация о партнерах вузовских библиотек Казахстана. Издание адресовано специалистам в области библиотечного дела.

ISBN 978-601-337-472-7

УДК 02.
ББК 78.3

@Л Н Гумилев атындағы ЕҰҰ ғылыми кітапхана, 2020

Ғылыми кітапхананың инклюзивті қызметі

Жуашбаева Гүлһая Бабаханқызы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кітапханасының
инклюзивті ақпараттық ресурстар орталығының координаторы

2019 жылдың 24-қазанында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасында ашылған инклюзивті ақпараттық ресурстар орталығының негізгі міндеті – барлығына бірдей кедергісіз ортада арнайы қажеттілікті талап ететін мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға барынша ақпараттық қолдау көрсету. Орталық университеттің білім алушыларына зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы мобильді сервистік қосымшалары бар электрондық ресурстарды, Брайль шрифтімен жазылған кітаптарды және Брайль бедерлі-нүкте қаріпін оқу мен жазу техникасы бойынша курстарды, өртүрлі ғылым салаларын қамтитын медиатеканы, ақпараттық қолдау мақсатында түрлі консультациялар ұсынады. Республикалық зағип және көру қабілеті төмен азаматтарға арналған кітапхана орталықты қолдау мақсатында Брайль қаріпіндегі кітаптар мен 100-ден астам аудио кітаптармен қамтамасыз етіп отыр. Орталықтың тұрақты дамуына үлес қосу үшін әр түрлі бағыттағы жобаларды жүзеге асыру қызметі өз жұмысын жалғастырып келеді. Алдыңғы уақытта материалдық-техникалық базаны дамыту және орталықтың қызметтері мен ресурстарын одан әрі толықтыру мақсатында ұлттық және халықаралық қорлардың гранттарына қатысу жоспарда бар. Сондай-ақ, инклюзивті орталық мүмкіндігі шектеулі жандарды моральді және материалды тұрғыда қолдауға бағытталған қайырымдылық кештерді; кез келген кедергілерге қарамастан айналасын таңқалдырып жүріп, үлкен жетістіктерге жеткен ерекше тұлғалармен кездесулерді; психологиялық және мотивациялық шеберлік сабақтарын, түрлі оқу тренингтерін және т.б. іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады. Ал осы аталғандардың барлығы қашықтықтан оқыту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында онлайн форматқа ауысты.

Инклюзивті ақпараттық ресурстар орталығы ақпараттық, ғылыми-педагогикалық, материалды-техникалық және басқа да қызметтер мен ресурстарды үйлестіру жолымен білім беру орталықтарына инклюзияны ендіруді ресурстық қамтамасыз етуге бағытталған білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылатыны мәлім. Инклюзивті орталықтың мақсаттары – арнайы қажеттілікті талап ететін жандарға қайырымдылық шаралар ұйымдастыру, зағип және нашар көретін азаматтарға дыбыстық бағдарламаның көмегімен компьютермен жұмыс істеуге оқыту, университет білім алушыларына психологиялық және ақпараттық қолдау көрсету, зағип және нашар көретін азаматтарға Брайль қаріпін танып жазуына көмек көрсету және арнайы қажеттілікті талап ететін жандарға барынша қолжетімді орта қалыптастыру болып табылады.

Инклюзивті орталықтың білім алушыларына бейімделген жүйесі бар ЭКЖ «Лань», ЭКЖ «IPR Books», ЭКЖ «Консультант студента» атты деректер қоры бар. Бұл электрондық ресурстар, әсіресе, арнайы қажеттілікті талап ететін мүмкіндігі шектеулі магистрант, докторанттарға немесе соңғы курс оқып жатқан студенттерге маңыздылығы өте зор. Өйткені қашықтықтан оқыту кезінде де білім алушы өзіне электронды нұсқадағы түрлі салалар бойынша жинақталған оқулықтарды, мақалаларды, дипломдық және диссертациялық жұмыстарды немесе т.б. материалдарды ыңғайлы күйінде үйден отырып та жүктеп немесе онлайн форматта жұмыс істей алады. Ал жұмыс барысында сұрақтар туындаған сәтте инклюзивті орталықтың қызметкерлері барынша жеңіл түсіндіріп, сұрақтарына жауап береді.

Қазіргі таңда Еуразия ұлттық университетінде арнайы қажеттілікті талап ететін мүмкіндігі шектеулі 123 білім алушы бар. Оның ішінде 1 докторант, 9 магистрант, 113 студент. 35-тен астамы үй жағдайында білім алып жатыр. Орталық қашықтықтан оқыту жағдайында осы білім алушыларға WhatsApp мессенджері арқылы жеке және топтық онлайн консультациялар үзбей жүргізіп, психологиялық қолдау және басқа да көмектер ұсынып отыр. Студенттер консультация барысында кітапхананың ресурстары мен қызметімен танысып, электронды кітапханамен және де деректер қорымен қалай жұмыс істеу керектігін үйреніп, сондай-ақ басқа да сұрақтарына жауабын тауып, үнемі белсенді түрде орталықпен үнемі

байланыста. Сонымен қатар, білім алушылар тарапынан кітапханадан үйге кітап алдырту сұранысы күн сайын артып келеді. Студент орталыққа хабарласып, өзіне керек оқулығына тапсырыс береді. Тапсырысты алған соң, кітапхана қызметкерлері дер кезінде арнайы қажеттілікті талап ететін білім алушыға үйіне дейін жеткізіп береді. Сондай-ақ, кейбір білім алушылар кітаптың электронды нұсқасын сұрайды. Сол сәтте электронды каталогтан қалай өздеріне қажетті кітаптардың электронды нұсқасын оқуға болатынын көрсетіп, түсіндіріп көмек беріледі.

Елімізде арнайы қажеттілікті талап ететін мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытатын, оның ішінде зағип жандарға білім беретін заманауи электронды жүйе енгізілмеген. Сәйкесінше арнайы база да жоқ. Осындай кедергілерді жою үшін арнайы аудиoproграммаларды көбейтсек деген мақсаттамын. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білікті педагогтар жұмыс істейді. Сондықтан біздің орталық мамандардың еңбектерін, ғылыми жұмыстарын, білім берудегі әдіснама-нұсқаулықтарын аудиотаспаға жазып шығаруды қолға алмақ. Осы мақсатта аталған жұмысты атқаруға жастарды белсенділікке тәрбиелеу мен еңбекке баулу тұрғысынан университет қабырғасында оқып жүрген «журналистика» факультетінің студенттері жұмылдырылмақ. Орталық әр түрлі ақпарат тасығыштардағы оқу, оқу-әдістемелік, анықтамалық және ғылыми басылымдардың коллекцияларын дамытуды болжайды.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарының бірі – еліміздің барлық жоғары оқу орындарында арнайы білім беруді қажет ететін студенттер үшін инклюзивті жағдай жасау екені мәлім. Соған сәйкес, толыққанды инклюзивті қоғам құру, арнайы қажеттілікті талап ететін мүмкіндігі шектеулі жандарға мотивациялық орта қалыптастыру, мемлекетке сол жандардың түрлі қажеттіліктерін, яғни назар аударатын мәселелерді көрсету – орталықтың маңызды мақсаттарының біріне айналып отыр. Осыған орай орталық бүгінгі күнге дейін арнайы білім беруді талап ететін мүмкіндігі шектеулі жандардың ұсыныстары бойынша мемлекет басшыларына ашық хаттар жазу мен түрлі баспаларда мақалаларды жариялаумен айналысып отыр.